# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
## Ш Е Ш І М

2026 жылғы 12 маусым №7119-26-00-2/5789 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Qadam» Утяшев Сунгат Салауатович жеке кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:**

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Qadam» Утяшев Сунгат Салауатович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Qadam» Утяшев Сунгат Салауатович жеке кәсіпкерінең «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 10 616 (оң мың алты жүз оң алты) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 318 (үш жүз он сегіз) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер «Qadam» Утяшев Сунгат Салауатович жеке кәсіпкерінең мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **А.К. Кусманова**

Документ подписан: Кусманова А. К., 14.06.2026

Дата вступления в законную силу: 22.07.2026, судья Кусманова А. К., 22.07.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7119-26-3-1/5596